

Бекітемін



2022 жыл

ЖШС «ДКБ Сымбат» Бөбекжай балабақшасы

Менгерушісі: Байтурсынова Н.

«ДКБ Сымбат» бөбекжай балабақшасының

Педогог-психологі Л. Балабекованын

2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспары

2022-2023ж

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың қал-ахуалына көмек беру, жан-жақты дамыту, ортада психологиялық жайлылықты орнату.

Міндеттері:

1. Мектепке дейінгі мекеме субъектілері арасында эмоциялық көңіл-күй мен қарым-қатынасты орнату;
2. Балалардың эмоциялық еріктік және интеллектуалдық ерекшеліктерін анықтау, дамыту;
3. Педагогтар мен ата-аналардың психологиялық мәдениеттілігін арттыру.

№	Жұмыстың мазмұны	Тобы	Жауапты
Қыркүйек			
1	Педагогикалық ұжымды жылдық жоспармен таныстыру және бекіту. "Психология әліппесі" сабағының жұмыс бағдарламасын бекіту		Психолог
2	Балабақшаға жаңа келген балалардың бейімделуіне психологиялық көмек көрсету	Кіші топ	Психолог Тәрбиешілер
3	Ата-аналар жиналысында психологиялық қызметтің мақсаты мен міндеттерімен таныстыру	Барлық топта	Психолог Тәрбиешілер
Казан			
1	Балалардың даму картасын арнау	Ересек топ	Психолог
2	"Менің жанұям" тесті	Ересек, ортаңғы топтар	Психолог
3	Психикалық ауытқушылығы бар балаларды анықтау және олармен атқарылатын жұмыс жоспарын құру	Ересек, ортаңғы топтар	Психолог
4	Тәрбиешілердің сабақ беру үрдісіне бақылау	Ортаңғы топ	Психолог
Қараша			
1	"Танымдық процестерді дамыту" бойынша жұмыс жүргізу	Ересек топ	Психолог
2	Ата-аналармен сауалнама жүргізу: "Салауатты өмір салтын қалай түсінесіз"	Барлық топтағы тәрбиеленушілердің ата-аналарына	Психолог Тәрбиешілер
3	Тәрбиешілермен сауалнама жүргізу	Тәрбиешілермен	Психолог
Желтоқсан			
1	Бойында дарындылық нышан бар балаларды анықтау және олармен атқарылатын жұмыс жоспарын құру	Ортаңғы топ	Психолог Тәрбиешілер
2	Тәрбиешілерге кеңес: "Кішкентай қырсықпен тіл табысу"	Тәрбиешілерге	Психолог
3	Балалардың есте сақтау қабілеттерін анықтау	Ортаңғы топ	Психолог
Қаңтар			
1	Баяндама: "Отбасында балалардың алатын орны"	Тәрбиешілерге, ата-аналарға	Психолог

2	Анықтау негізінде алынған нәтижелерді баланың даму картасын енгізу		Психолог
3	Жеке жұмыс жүргізетін балалардың ата-аналарына сауалнама жүргізу	Ата-аналармен	Психолог
4	Балалардың танымдық деңгейін анықтау	Ортаңғы топ	Психолог
Ақпан			
1	Балалардың қабылдау деңгейін анықтау	Ортаңғы топ	Психолог
2	Тренинг: "Балалардың қарым-қатынас ерекшеліктерін дамыту"	Ересек топ	Психолог
3	Ата-аналармен сауалнама жүргізу	Ортаңғы топ	Психолог Тәрбиешілер
Наурыз			
1	Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті	Ересек топ	Психолог
2	Балалардың ойлау деңгейін анықтау	Ересек топ	Психолог
3	Ата-аналарға кеңес "Баланың мектепке психологиялық даярлығы"	Ата-аналармен	Психолог
Сәуір			
1	Тәрбиешілерге кеңес "баланың танымдық әрекетінің дамуына ойынның әсері"	Тәрбиешілерге	Психолог
2	Балалардың мектепке даярлығын анықтау. Керн-Йерасек тесті	Ересек топ	Психолог
3	Балалардың даму картасына өзгертулер енгізу	Ересек топ	Психолог
Мамыр			
1	Ересек топ балаларының мектепке даярлық деңгейін хабарлау	Ересек тобында	Психолог
2	Психологиялық қызметтің жылдық жұмысына талдау		Психолог

Бекітемін

2022 жыл

ЖШС «ДКБ Сымбат» Бөбекжай балабақшасы

Менгерушісі: *Н. Байтурсынова* Н. Байтурсынова Н.



«ДКБ Сымбат» бөбекжай балабақшасының

Педогог-психологі Л. Балабекованын

2022-2023 оқу жылына арналған айлық жоспары

2022-2023ж

Психолог қызметінің негізгі бағыттары

Балалардың психофизиологиялық денсаулығын, жеке тұлғалық дамуын есепке алып, әр баланың психологиялық және эмоционалдық саулығына оңтайлы жағдай жасау. Тәрбиешілердің жан саулығын сақтауына және олардың кәсіби жетістікке жетуіне мүмкіндік жасау, педагогтардың шығармашылық потенциалын ашуға және оны дамытуға көмек беру негізінде жүйелі түрде шығармашылықпен ойлауын дамыту.

Педагогтардың және ата-аналардың қарым-қатынастарын жақсарту, психологиялық-педагогикалық біліктілік дағдысын қалыптастыру.

Жоспарланған нәтижелер:

1. Мүмкін болған түрлі тежелу кедергілерді болдырмау, яғни бала дамуындағы табиғи механизмдерді сақтау;
2. Жаңа шығармашылық ресурстарды ұдайы айқындау арқылы балалардың жеке қасиеттерін дамыту;
3. Педагогтардың қарым-қатынас жасау біліктілігін, психологиялық-педагогикалық дағдысын жетілдіру.

Айлары	Жұмыс мазмұны
Қыркүйек	Жылдың жұмыс жоспарын жасау Мектепке дейінгі топ балаларының мектепке дайындығын диагностикалап тексеру Дамыту сабақтарының жоспарын жасау Кіші топтағы балалардың бала-бақшаға бейімделу мәселесі жайында тәрбиешілерге кеңес беру Тәрбиешілерге арналған "Мектепке дейінгі балалардың таным процестері" тақырыбында баяндама дайындау
Қазан	Балалардың мектепке дайындығын диагностикалауды аяқтау. Нәтижелерді өңдеу және анықтама беру. Тесттердің диагностикалық нәтижелері бойынша ата-аналарға, педагогтарға мәлімет беру "Дені, жаны сау баланы өсіреміз" тақырыбында ата-аналар жиналысында баяндама жасау
Қараша	Жылдық жоспарларға сәйкес ересектер, ортаңғы топ тәрбиеленушілеріне арналған түзету-дамыту сабақтарын жүргізу Педагогикалық кеңеске қатынасу "Мектепке дейінгі балалардың психикалық дамуындағы қиялдың маңызы" тақырыбында баяндама жасау
Желтоқсан	Ересек және ортаңғы топ балаларының эмоционалдық сферасын диагностикалап тексеру. диагностика нәтижесі жөнінде балалардың ата-аналарымен, педагогтармен сұхбаттасу. Диагностика нәтижесі бойынша балалармен жүргізілетін түзету-дамыту сабақтары. Педагогикалық ұжымның микроахуалын және педагог-педагог қарым-қатынасын зерттеу. Диагностика нәтижелерімен таныстыру. Ата-аналар және мұғалімдердің сұранысы бойынша балалармен түзету-дамыту сабақтарын жүргізу. "Қарым-қатынастың психологиялық-педагогикалық негіздері" тақырыбында тәрбиешілерге арналған мәселелі-семинар
Қаңтар-ақпан	Тәрбиешілерді кәсіби шеберлігін диагностикалау. Мектепке дейінгі мекеме басшысы тарапынан күтілетін, әлеуметтік мәселелерді айқындау. Жылдық жоспарға сәйкес тәрбиешілерге арналған мәселелі семинар. Меңгерушінің қатысуымен жиналыс өткізу, сауалнама нәтижелерімен таныстыру Балалардың ашуланшақтығы жөнінде ата-аналардың қатынасуымен жиналыс өткізу
Наурыз	Естияр топқа социометриялық зерттеу жүргізу. Тексеру нәтижелерін өңдеу, педагогтарға ұсыныс жасау. Тексеру нәтижелерін педагогтарға, ата-аналарға жариялау. Тәрбиешілерге арналған мәселелі семинар. Мінез-құлқы аффектілі балаларды диагностикалық тексеруден өткізу.
Сәуір	Жоспар бойынша түзету-дамыту жұмыстарын жалғастыру. Балаларды диагностикалау. Диагностика нәтижелерін өңдеу және салыстырмалы түрде талдау үшін мәліметтерді дайындау. Мектепке дайындау мәселелері бойынша педагогтар және ата-аналарға кеңес беру.
Мамыр	Ересек тобындағы балалардың мектепке даярлығы бойынша педагогтармен сұхбат жүргізу. Жыл бойына жүргізілген жұмыстарды қорытындылау. Құжаттар мен есеп беру материалдарын дайындау. "Мектепке дейінгі жастағы балалардың интеллектуалдық динамикасына психологиялық түзету" тақырыбында мәліметтер дайындау.

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі
Тәрбиеленушілермен жұмыс		
Диагностикалық жұмыстар		
1	Ересек топтағы балалардың интеллектуалды дамуы	Қыркүйек, қазан
	Ортаңғы топ балаларының психикалық даму деңгейі	Қараша, желтоқсан
	Ересек топтағы балалардың мектепке психологиялық даярлығын анықтау	Сәуір, мамыр
	Танымдық процестер (сұраныс бойынша)	Жыл бойы
	Равеннің түсті матрицалары (потенциалдық қабілет тесті) ересек топ	Ақпан, сәуір
2	Өзара қарым-қатынас бала - бала, бала - ата-ана, бала - тәрбиеші	Жыл бойы
3	Ересек және ортаңғы топ балаларының қабылдау ерекшеліктерін анықтау	Желтоқсан, қаңтар
4	Баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу (өзін-өзі бағалауы, талап ету деңгейі, топ ішіндегі мәртебесі, эмоционалдық жағдайы)	Жыл бойы
Түзету-дамыту жұмыстары		
1	Кіші топ балаларының бейімделуіне арналған психологиялық сауықтыру іс-шаралары	Қыркүйек, қазан
2	Ересек топтағы балалардың мектепке даярлығын дамытуға бағытталған түзету-дамыту жұмыстары	Қараша, сәуір
Ата-аналармен жұмыс		
1	Кенес беру, ағарту жұмыстары	Жыл бойы
2	Диагностика нәтижелері бойынша кеңес беру	Жыл бойы
3	Ата-аналар жиналысында сөз сойлеу	Дер кезінде
4	Жеке тұлғалық, әлеуметтік, жеке эмоционалдық дамуында қиындықтары бар балалардың ата-анасына жеке кеңес беру	Жыл бойы
5	Эмоционалдық сфераны дамыту, оны реттеу жөнінде ата-аналарға кеңес беру	Жыл бойы сұраныс бойынша
Әкімшіліпен жұмыс		
1	Диагностика нәтижелерімен таныстыру және оны талқылау	Балабақша жоспарына сәйкес
2	Жүргізілген диагностикалық нәтижелер бойынша анықтама беру	Жыл бойы
3	Мектепке дейінгі мекеменің жылдық жоспарын құруға қатынасу	Мамыр- тамыз
4	Педагогикалық кеңестерге жұмыстарды дайындау және оған қатынасу	Жыл бойы
5	Ұжымның бірлесін жұмыс атқаруына психологиялық көмек көрсету	Қажеттілігіне қарай
6	Әкімшіліктің сұранысы бойынша туындаған мәселелерді шешуге қатынасу	Жыл бойы

Ересек тобына арналған айлық жоспар

	I апта Анықтау	II апта Түзету	III апта Алдын алу	IV апта Алдын алу
Қыркүйек	Танысу сабағы 1. "Өзінді ата" ойын жаттығуы 2. "Сезімдердің берілуі"	Қарым-қатынасты дамыту ойындары 1. "Досыма сыйлық" 2. Саусақты жаттықтырайық	Ойын сабақ 1. "Ине мен жіп" қабылдау қабілетін дамыту жаттығуы 2. "Өз орныңды тап" есте сақтау қабілетін дамыту ойыны	Ойын сабақ 1. "Гүл шоғы" ойын жаттығуы 2. "Ойлан да аяқта" ойлауды дамытуға арналған жаттығу
Қазан	Сезу, сипап сезу. "Сезу жолақшалары" әдістемесі. Ұсақ қол анализаторларының дамуын анықтау	Түзету жұмыстары 1. "Түсті тауып ұста" о - ж 2. Ермек сазбен ойнайық	1. Психогимнастика 2. Кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар 3. Қимылды ойын	Ойын сабақ 1. "Күз байлықтары" психогимнастика 2. "Айна" ойын жаттығуы 3. "Не жазды?" тері анализаторларын дамыту жаттығуы
Қараша	Зейін тұрақтылығын анықтау "Шатасқан сызықтар"	"Сөздер мен қимылдар" зейінді аудару қабілетін дамыту жаттығуы "Күзгі орманға саяхат" психожаттығу	Зейін көлемін дамыту 1. "Айырмашылығын тап" 2. "ЗОО саябақ" психогимнастика	Йоғалық гимнастика 1. "Айдаһар" ойыны 2. "Сикырлы орындық" өзін және өзгені бағалай білу дағдысын дамыту
	I апта Анықтау	II апта Түзету	III апта Алдын алу	IV апта Алдын алу
Желтоқсан	Қысқа мерзімді есте сақтау "Суреттер" әдістемесі	Түзету жаттығулары 1. "10 сөз" әдістемесі 2. "Көргенінді сал" Тихомировтың әдістемесі бойынша жаттығу 3. "Қайталап бер" ойын жаттығуы	Көріп есте сақтауды дамыту 1. "Сиқырлы қапшық" ойын жаттығуы 2. Саусақ гимнастикасы	1. "Ойыншықтың орнын тап" 2. "Өз орныңды тап" ойын жаттығуы
Қаңтар	Сөйлеу 1. Әңгіме - этюд. Сурет бойынша әңгіме құрастыру 2. "Сөз ойла - тез ойла" ойын- жаттығуы	Сөздік логикалық ойларды дамыту жаттығулары 1. Жұмбақтар жарысы 2. Қызықты есептер 3. Ойын: "Бір сөзбен ата" (парта, орындық, шкаф)	Ойын сабақ "Ертегілер елінде" 1. Ертегіні сахналау 2. Психогимнастика	Ойын сабақ 1. "Пойыз" ойын жаттығуы 2. "Мен апамның үйіне барғанда ..." ойын жаттығуы. 3. Психогимнастика "Қысқы тіршілік"

Ақпан	Қабылдау деңгейін анықтау	Түзету жұмыстары Көру арқылы қабылдау 1. "Пішіндерді аяқта" жаттығу 2. Саусак гимнастикасы 3. Таяқшалармен жұмыс	Фонематикалық қабылдау мен есту қабілетін дамыту жаттығуы 1. "Дыбысты анықта" ойын жаттығуы 2. "Керісінше айт" ойын жаттығуы 3. Уақытты бағдарлау	Ойын сабақ 1. Психогимнастика 2. Қызықты жұмбақтар 3. Ойын: "Жұптарын тап"
	I апта Анықтау	II апта Түзету	III апта Алдын алу	IV апта Алдын алу
Наурыз	Ойлау 1. "Логикалық есеп" ойлауды дамытуға арналған жаттығу 2. "Сөзді аяқта" ой жылдамдығын дамыту жаттығуы	Ой алғырлығын дамыту жаттығуы 1. "Артық сөзді тап" жаттығу 2. "Заттарды салыстыр" ойын жаттығуы	1. "Болады - болмайды" ойын жаттығуы 2. Кубиктермен жұмыс	Ойын сабақ 1. "Ойлан да аяқта" 2. "Қарама-қарсы сөзді ата" ойын жаттығуы
Сәуір	Қиял 1. Бір басылымды беттестіру арқылы сурет салу 2. Суретті жалғастыру	1. Сурет салу арқылы қиялды дамыту 2. Саусак гимнастикасы	Ойын сабақ 1. "Елестетіп көр, не болады егер ..." (вербальды қиялды дамыту) 2. Әңгіме құрастыру (өзіндік қиялды дамыту)	Ойын сабақ 1. Мейірімді сиқыршы 2. Қолғаптар ойыны 3. Психогимнастика
Мамыр	Қимылды ойындар арқылы есте сақтауды дамыту 1. "Санамақтар жарысы" 2. "Балық. Аң. Құс" ойыны 3. "Суреттер" әдістемесі	Ойын сабақ 1. "Сөз моншақтар" ойын - жаттығуы 2. Үй құрастыру (таяқшалармен) 3. Сөздерді есте сақта	Ойын сабақ 1. Ойын: Эрудит 2. Психогимнастика	Ойын сабақ 1. Қимылды ойын: "Ақ қоян" 2. Логикалық есептер 3. Саусак гимнастикасы

Ортаңғы топқа арналған айлық жоспар

	I апта Анықтау	II апта Түзету	III апта Алдын алу	IV апта Алдын алу
Қыркүйек	Танысу сабағы 1. "Өзінді ата" ойын жаттығу 2. "Достық жылы кулуден басталады" психологиялық жаттығу	Қарым-қатынасты дамыту ойындары 1. "Досыма сыйлық" 2. "Саусақты жаттықтырайық"	Ойын сабақ 1. "Ине мен жіп" қабылдау қабілетін дамыту жаттығуы 2. "Күн шуағы" психогимнастикалық жаттығу	Ойын сабақ 1. "Дұрыс, дұрыс емес" ойыны 2. "Бар ма, жоқ па?" ойыны
Қазан	Сезу 1. "Біз дүниені қалай танимыз?" 2. "Мейірімді сөздер" этюдi	Түзету жұмыстары 1. "Өз орныңды тап" ойын жаттығуы 2. "Жіп орамы"	1. "Гүл" психогимнастикалық жаттығуы 2. Қимылды ойын	Ойын сабақ 1. "Мен жеңімпазбын" 2. "Айна" ойын жаттығу
Қараша	Зейін тұрақтылығын анықтау "Өз жұбыңды тап" қозғалмалы ойын	"Доппен жүрген пингвиндер" "Түстерді ажырата біл" Ойыны	1. "Бір сөзбен ата" жаттығуы 2. "Мозайка" жаттығуы	1. "Конспиратор" 2. "Даусынан таны" өзін және өзгені бағалай білу дағдысын дамыту
	I апта Анықтау	II апта Түзету	III апта Алдын алу	IV апта Алдын алу
Желтоқсан	1. "Сымсыз телефон" 2. "Актерлер"	Түзету жаттығулары 1. "Орныңды тап" 2. "Суреттің жұбын тап"	Көріп есте сақтауын дамыту 1. "Сиқырлы қапшық" ойын жаттығуы 2. "Жоғалған ойыншықты тап"	1. "Керісінше айт" 2. "Тыңда және орында" ойын жаттығу
Қаңтар	1. "Сиқырлы қапшық" ойын жаттығуы 2. "Суреттің жұбын тап"	1. Жейі әлде жемейді 2. Қай сезім мүшесі екенін тап	Ойын сабақ "Ертегілер елінде" Ертегіні сахналау	Ойын сабақ 1. "Мен жеңімпазбын" 2. "Сымсыз телефон"
Ақпан	1. Суретті аяқтау 2. Қимақ	Түзету жұмыстары 1. "Бір сөзбен ата" жаттығу 2. "Мұқият бол"	Фонематикалық қабылдау мен есту қабілетін дамыту жаттығуы 1. "Сөйлемді аяқта" ойын жаттығу 2. "Керісінше айт" ойын жаттығу	Ойын сабақ 1. Психогимнастика 2. Қызықты жұмбақтар 3. "Сиқырлы қапшық"
	I апта Анықтау	II апта Түзету	III апта Алдын алу	IV апта Алдын алу
Наурыз	Ойлау 1. "Логикалық есеп" ойлауды дамытуға арналған жаттығулар 2. "Көкөністер"	Ой алғырлығын дамыту жаттығулары 1. "Бір сөзбен ата" ойын жаттығу	"Сөйлемді аяқта" ойын жаттығу	Ойын сабақ 1. "Орындық бар, бірақ отыра алмайсың"


Сәуір	Қиял 1. "Біз дүниені қалай танимыз?"	1. "Сурет салу арқылы қиялды дамыту" 2. Саусақ гимнастикасы	Ойын сабақ 1. Сөйлемді аяқта 2. Әңгіме құрастыру (өзіндік қиялын дамыту)	Ойын сабақ 1. Қолғаптар ойыны 2. Психогимнастика
Мамыр	Қимылды ойындар арқылы есте сақтауды дамыту 1. "Санамақтар" жарысы 2. "Балық. Ан. Құс" ойыны	Ойын сабақ 1. "Сөз моншақтар" ойын жаттығу 2. Үй құрастыру (таяқшалармен)	Ойын сабақ 1. Ойын "сиқырлы қапшық" 2. Психогимнастика	Ойын сабақ 1. Қимылды ойын "Ақ қоян" 2. Сымсыз телефон

Сәуір	Қиял 1. "Біз дүниені қалай танимыз?"	1. "Сурет салу арқылы қиялды дамыту" 2. Саусақ гимнастикасы	Ойын сабақ 1. Сөйлемді аяқта 2. Әңгіме құрастыру (өзіндік қиялын дамыту)	Ойын сабақ 1. Қолғаптар ойыны 2. Психогимнастика
Мамыр	Қимылды ойындар арқылы есте сақтауды дамыту 1. "Санамақтар" жарысы 2. "Балық. Ан. Құс" ойыны	Ойын сабақ 1. "Сөз моншақтар" ойын жаттығу 2. Үй құрастыру (таяқшалармен)	Ойын сабақ 1. Ойын "сиқырлы қапшық" 2. Психогимнастика	Ойын сабақ 1. Қимылды ойын "Ақ қоян" 2. Сымсыз телефон


Психика мен сананың тарихи дамуы

Д
а
м
у


с
а
т
ы
л
а
р
ы



Тұлғаның психологиялық құрылымы



Адам жүйке жүйесінің құрылымы



Психология әдістері

ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

НЕГІЗГІЛЕРІ

Бақылау

Тұр-
мыс-
тық

Ғылы-
ми

Тікелей
арала-
сып

Сырт-
тай

Эксперимент

Зерт-
хана-
лық

Таби-
ғи жағ-
дайда

Нақты-
лаушы

Қалып-
тасты-
рушы

КӨМЕКШІ

Дербес сияғтамаларды
қорытындылау
Сауалнамалар:
1. Жазба
2. Ауызекі
3. Әңгімелесу

Іс-әрекет нәтиже-
лерін талдау
Тестілеу:
1. Жобалаушы
2. Психикалық
түзету-реттеу



ПСИХОЛОГТЫҢ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

Психологиялық ағарту - педагогтарды, ата-аналарды, балаларды психологиялық біліктілікке баулу. Психологиялық ағартуға: әдістемелік кеңесте және ата-аналар жиналысында өтілетін дәрістер әңгімелесулер, топтық және жеке кеңестер, семинар практикумдар, ата-аналар жиналысы, көрмелер, жаднамалар дайындау, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді іріктеу және тарату, тақырыптық газет шығару.



Психологиялық сауықтыру – барлық жас кезеңінде балалардың психологиялық саулығын дамыту және сақтау, нығайту. Әр жас кезеңін ескере отырып, балаларға арналған дамыту бағдарламалдарын жасау және оны іске асыру, сауықтыру шараларын қолдану.

Психологиялық сауықтыру – барлық жас кезеңінде балалардың психологиялық саулығын дамыту және сақтау, нығайту. Әр жас кезеңін ескере отырып, балаларға арналған дамыту бағдарламалдарын жасау және оны іске асыру, сауықтыру шараларын қолдану.

Психологиялық түзету – балаларды жеке тұлғалық дамуындағы психологиялық ауытқуларынан арылту, түрлі жағымды іскерлікпен дағдыларды қалыптастыру. Психолог жұмысындағы түзету - дамыту бағыты, қызметтің ең қиын тұсы. Сондықтан бұл бағыт практик-психологтан шеберлікті қажет етеді.



Психологиялық кеңес беру – оқу тәрбие үрдісінде туындаған мәселелерді шешуге көмек көрсету. Кеңес беру жұмысында психологтың іскерлік, дағдысын дамыту мен бірге бұл арнайы дайындықты талап етеді.

Психологиялық диагностика – жеке тұлғаның жеке және жас ерекшелігін, тұлғааралық қарым-қатынасын зерттеу. Психодиагностиканың негізгі міндеті - педагогтарға, ата-аналарға балалардың жеке психологиялық ерекшеліктері жайлы хабар беру.





ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ БІЗ

ПСИХОЛОГТЫҢ АНТЫ

ПСИХОЛОГТЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ

1. Мекеме басшысымен бекітілген психологтың жұмыс жоспары.
2. Психологтың апталық немесе айлық жоспары.
3. Әртүрлі бағыттағы психологиялық диагностикалық және сауықтыру материалдар жинағы.
4. Жүргізілген зерттеулерді нәтижесі бойынша қорытынды шығару.
5. Психологтың кеңес беру журналы.
6. Психологтың топпен жұмыс бағдарламасы.
7. Топтық жұмысты есепке алу журналы.
8. Түзету жұмысы (егер арнайы топ құралса).
9. Түзету-дамыту сабақтарына бағдарлама.
10. Балаға психологиялық-дәрігерлік-әлеуметтік көмек беру картасы.
11. Жүргізілетін сабақтардың бағдарламаларының қысқа жоспары.
12. Психологтың аналитикалық есебі.

ПСИХОЛОГ МІНДЕТТЕРІ

1. Білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын орындау.
2. Шешім қабылдап, мәселелерді қарастыруда кәсіби шеңберден шықпау.
3. Өзінің кәсіби білімін үнемі арттырып отыру.
4. Нақты кәсіптік білімі жоқ адамдардың диагностикалық, коррекциялық зерттеулер жүргізуіне тыйым салу.
5. Барлық мәселелерді шешуде балалардың психологиялық дамуын ескеру.
6. Атқарылатын жұмыстардың міндеттері мен әдістері туралы нұсқауларды кәсіптік жағынан басқаратын адамдар бергенде өздерін нақты орындау.
7. Баланың психологиялық дамуын шешу мәселесінде мектеп жұмысына қажетті көмектерді көрсету.
8. Кәсіптік құпияны жарияламау.
9. Барлық психологиялық зерттеу нәтижелерін жазып, арнайы құжаттарға тіркесіп отыру.
10. Психологиялық көмекті қажет ететіндерге дер кезінде қажетті іс-шараларын ұйымдастыру.

Практикалық психологияның ізгі жолына қадам баса отырып, жұмысымның оңай еместігін ұғына отырып, бар білімімді және қабілетімді өз қызметіме жұмсауға ант етемін!

Көмек сұрап келген жанның жандүниесі, яғни тағдыры менің қолымда. Жеке адам ретінде табиғат сыйлаған барлық білімім мен іскерлігімді алдыма келген кісіге көмек беруге арнауға ант етемін!

Мен кісі жайында білген және жинақтаған мәліметтерім, оған қарсы жұмсалатын құралға айналуына жол бермеймін. Психолог мамандығын меңгере отырып, шын жүректен адамдардың сенімін ақтай білуге ант етемін!

Мен өз мамандығыма жете білмеушілікпен, әдепсіздікпен, немқұрайлылықпен, пайдакүнемдікпен кір келтірмеуге ант етемін!

Баладағы қабілеттілікті оятуға және оны дамытуға, біртіндеп есею кезеңінде қиын сәттерде көмек беруге, оның қайталанбас өзіндік даралығын қабылдауға, бағалауға, қамқор болуға деген ізгі ұмтылысыма сәттілік серік болсын!!!

КӘСІПТІК ПСИХОГРАММА

1. Тұлғалық ерекшеліктер кәсіпті білуі.
2. Өзгелердің жағдайын түсінуге талпыну, назар аудару.
3. Қарым-қатынасқа бейімділік, жылы шырайлылық.
4. Жетекші болуға қабілеттілігі.
5. Әдептілігі, сыпайылығы.
6. Жарқын жүзділігі.
7. Шыдамдылық, төзімділігі.
8. Үлкен жауапкершілікті сезінуі.
9. Әртүрлі жұмыстарды толық орындау қабілеттілігі.
10. Жаңа идеяларды тез игеруі, пікірдің өз еркінділігі.
11. Өз болашағын жоспарлауға қабілеттілігі.
12. Өз ойын еркін айта білу қабілеттілігі.

ПСИХОЛОГ ҚҰҚЫҒЫ

1. Оқушылармен және басқа таланткерлермен жүргізілетін жұмыстың нақты міндеттерін өз бетінше шешуге, әдіс-тәсілдердің дербес тандап, жұмыстардың кезетін анықтауға.
2. Кәсіби міндеттерін сапалы орындауға қажетті жағдай жасауды мектеп басшыларынан талап етуге.
3. Жоғары орындардың түскен нұсқаулар этикалық ұстанымдарға қайшы түскен келген жигдайда оны орындаудан бас тарту.
4. Қажетті құжаттармен танысуға.
5. Психодиагностикалық, психокоррекциялық әдіс тәсілдерді іріктеп алуға және оларды дайындауға.
6. Мектеп оқушыларын топтық және жеке зерттеулерден өткізуге.
7. Медициналық және дефектологиялық мекемелерге сұраныс жасауға.
8. Баланы болашағын анықтау үшін медициналық, педагогикалық-психологиялық т.б. комиссиялар кеңесіне қатысуға.

Бекітемін
«29» 08 2023 жыл
ДКБ Сымбат

ЖШС «ДКБ Сымбат» Бөбекжай балабақшасы

Менгерушісі: Байгурсынова Н.

«ДКБ Сымбат» бөбекжай балабақшасының

Педогог-психологі Л. Балабекованың

2023-2024 оқу жылына арналған айлық жоспары

Айы	Апта	Жұмыстың жоспары
Қыркүйек	I	Жылдық жұмыс жоспарын құру.
	II	Педагогикалық ұжым мен балалардың ата – аналарын балабақшадағы психологиялық қызметтің (2023-2024 оқу жылына арналған) мақсаты және міндеттерімен таныстыру, жұмысты жоспарлау. Топ балаларының психологиялық картасын толтыру.
	III	Кіші топ балаларының балабақшаға бейімделуіне арналған психологиялық іс-шаралар. Топ балаларын бақылау. Әдістемелік материалдарды дайындау, жинақтау.
	IV	Қарым- қатынаста қиындықтары бар балаларды анықтау және ойындар мен жаттығулар жүргізу.
Қазан	I	Балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу.
	II	Даму деңгейі төмен және орта балалармен жеке жұмыс . Мінез құлқы киын балаларға арналған психологиялық жаттығулар.
	III	Балалардың қабылдауын диагностикалау және дамытуға арналған ойын, жаттығулар.
	IV	Балалардың сөз қорын анықтау және дамытуға арналған ойын, жаттығулар.
Қараша	I	Ашушанды балалардың мінез – құлқын түзетудің психологиялық мәселелері. Ашушандықты, жағымсыз кері әсерлерді болдырмауға және төмендетуге арналған ойын мен жаттығулар.
	II	Балалардың зейінін диагностикалау және дамытуға арналған жаттығулар.
	III	Қорқынышты болдырмау және өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар.
	IV	Тәрбиешілермен жүргізілетін тренинг, жаттығулар.

Желтоқсан	I	Ойлау процесін дамытуға арналған жаттығулар.
	II	Есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар
	III	Психо-эмоционалдық қысымды түсіруге арналған жаттығулар.
	IV	Топтағы қарым – қатынастың даму динамикасына байланысты жаттығулар .
Қаңтар	I	Қиял процесін дамытуға арналған жаттығулар .
	II	Баланың сөздік қиялын дамытуға арналған жаттығулар.
	III	Өзіндік бағаны дамытуға арналған жаттығулар
	IV	Мінез – құлықты дамытуға арналған жаттығулар.
Ақпан	I	Эмоционалды – мотивациялық аумақты дамытуға арналған жаттығулар .
	II	Ерік – күш сапаларын анықтау.
	III	Психо – бұлшық еттік жаттығулар .
	IV	Баланы кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.
Наурыз	I	Баланың сипап сезу қабілетін дамыту.
	II	Баланың шығармашылық қабілетін дамыту.
	III	Елестету, қабылдауын дамытуға арналған ойындар.
	IV	Педагогикалық ұжымдағы әлеуметтік – психологиялық ақуалды бақылау қорытындысы.

Сәуір	I	Балалардың ата- аналармен, тәрбиешілермен қарым- қатынасын зерттеу. Диагностика нәтижесі жөнінде балалардың ата – аналарымен, педагогтармен әңгімелесу.
	II	Педагогтарға арналған тренинг.
	III	Түзету- дамыту сабақтарын жүргізу.
	IV	Педагогтарға және ата – аналарға кеңес беру.
Мамыр	I	Ересектер және естиярлар топтарының диагностикасының нәтижесі жөнінде ата – аналарға, тәрбиешілерге мәлімет беру.
	II	Құжаттарды және есеп беру материалдарын дайындау.
	III	Жылдық жұмысты қорытындылау.

«29»

08



ЖШС «ДКБ Сымбат» Бөбекжай балабақшасы

Меңгерушісі: *Н. Байтурсынова* Байтурсынова Н.

«ДКБ Сымбат» бөбекжай балабақшасының

Педогог-психологі Л. Балабекованың

2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспары

Педагог-психолог жұмысының жылдық жоспары

Психолог қызметінің негізгі бағыттары

Балалардың психофизиологиялық денсаулығын, жеке тұлғаның дамуын есепке алып, әр баланың психологиялық және эмоционалдық саулығына оңтайлы жағдай жасау. Тәрбиеленушілердің жан саулығын сақтауына және олардың кәсіби жетістікке жетуіне мүмкіндік жасау, педагогтардың шығармашылық потенциалын ашуға және оны дамытуға көмек беру негізінде жүйелі түрде шығармашылықпен ойлауын дамыту.

Педагогтардың және ата-аналардың қарым-қатынастарын жақсарту, психологиялық-педагогикалық біліктілік дағдысын қалыптастыру.

Жоспарланған нәтижелер

1. Мүмкін болатын түрлі тежелу кедергілерді болдырмау, яғни бала дамуындағы табиғи механизмдерді сақтау.
2. Жана шығармашылық ресурстарды ұдайы айқындау арқылы балалардың жеке қасиеттерін дамыту.
3. Педагогтардың қарым-қатынас жасау біліктілігін, психологиялық-педагогикалық дағдысын жетілдіру.

№	Жұмыс мазмұны	Жүргізілетін мерзімі
	I. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру	
1.	Жылдық жұмыс жоспарын түзу.	Қыркүйек
2.	Әдістемелік материалдарды дайындау, жинақтау.	Жыл бойы
3.	Топ балаларының психологиялық картасын жасау.	Қыркүйек Қазан
	II. Балалармен диагностикалық жұмыс	
1.	Топ балаларын бақылау.	Қыркүйек
2.	Баланың жеке тұлға ерекшеліктерін зерттеу.	Жыл бойы
3.	Таным процестеріне диагностика. (сұраныс бойынша).	Жыл бойы
4.	Жас ерекшеліктеріне сәйкес баланың даму деңгейін бақылау (таным процестері арқылы).	Желтоқсан
5.	Ересектер, естиярлар тобындағы балалардың мектепке психологиялық дайындығы.	Сәуір Мамыр
6.	Баланың жеке дамуына диагностикалық әдіс – тәсілдерді жинақтау.	Наурыз
	III. Түзету – дамыту жұмысы	
1.	Даму деңгейі төмен және орта балалармен жеке жұмыс.	Қазан
2.	Кіші топ балаларының балабақшаға бейімделуіне арналған психологиялық іс-шаралар.	Қараша Қыркүйек Қазан
3.	Мінез-кұлқы киын балаларға арналған психологиялық жаттығулар (сұраныс бойынша).	Жыл бойы
4.	Балалармен ертегі арқылы жүргізілетін жұмыс.	Қытаң

5.	Ойын түрінде қарым-қатынасты дамытуға арналған жаттығулар.	Желтоқсан Ақпан
IV. Психологиялық кеңес беру жұмыстары		
1.	Қиын балалардың мінез-құлқын түзетудің психологиялық мәселелері.	Қараша Желтоқсан
2.	Мектепке дейінгі балалық шақтағы бала дамуының психологиялық ерекшеліктері туралы кеңес.	Наурыз
3.	Баланың жеке басын қалыптастырудың бастапқы кезеңі туралы ағарту жұмыстары.	Қазан
V. Педагогтармен жұмыс		
1.	Балалардың балабақшаға бейімделу мәселесі жайында тәрбиешілерге кеңес.	Жыл бойы
2.	Ересектер, естиярлар топтарының диагностикалық, психологиялық нәтижелері (тестілеудің қорытындысы)	Мамыр
3.	Тәрбиешілермен жүргізілетін тренинг. жаттығулар.	Қажеттілігіне қарай

Педагог – психологтың қызметтік приоритеттері.

- Мектепке дейінгі мекеменің психологиялық қызметінің негізгі мақсаты – психологиялық жан саулығын сақтау және бала құқығын қорғау;
- Әр баланың психикалық және жеке тұлғалық дамуына ықпал ету;
- Сауықтыру (гректің prophylaktikos - алдын – алу, қорғау) және ағарту (гректің propaideuo – алдын – ала оқытамын) бұл балалық шақтағы негізгі тұлғалық қасиеттерді дамытуға бағытталған баламен, ата-анамен, тәрбиешілермен жұмыс;
- Психосоматикалық ауруларның алдын алу үшін балабақшада эмоционалдық, психологиялық жағымды ахуал туғызуға назар аудару;
- Балабақшаның барлық қызметкерлерін балалармен тиімді, ұтымды қарым – қатынас жасауға бағыттау;
- Дамудың жаңа әлеуметтік ситуацияларына балаларды дайындау;
- Ақыл ойын, сезімін және ерік-жігерін есепке ала отырып, бала дамуының ерекшеліктерін зерттеу;
- Арнайы бағдарламаларды ұйымдастыруға және оны меңгеру барысында қиналған балаларға көмектесу;
- Балабақша қызметкерлерінің психологиялық біліктілігін арттыру, ата-аналарды баланың даму заңдылықтарымен таныстыру;
- Инновациялық өзгеріс ендіру кезінде, бала дамуына оңтайлы жағдай туғызуға қатынасу;

Мектепке дейінгі психологиялық қызметтің міндеттері

А) Педагогтармен жұмыс жөнінде:

- Тәрбиешілерді, балаларды оқыту жөніндегі психологиялық теориялармен, зерттеулермен таныстыру;
- Оқытудың дидактикалық ұстанымдарына психологиялық негіздер беру;
- Бейнелеу, музыка, дене тәрбие мамандарымен бірлесіп, оқытудың дидактикалық дамыту іс – әрекетін дайындау;
- Пәндерді дамыта оқытуға қойылатын психологиялық талапты талқылау және оны құру;
- Педагогтар балаларды оқу жұмыс процесінде қайтымды рефлексияға дайындау;
- Инновациялық процесс жағдайында балалардың дамуын диагностикалап бақылау жүргізу арқылы тиімді педагогикалық технологияларды ендіру;
- Тәрбиешілер оқу – тәрбие процесінде балалардың жеке тұлғалық өсуінің, ақыл-ой дамуының диагностикалық тәсілдерімен танысуын қамтамасыз ету;
- Әкімшіліктің сұранысы бойынша оқу процесі барысында педагогтармен балалардың қарым-қатынасына бақылау жүргізу, өзара қарым-қатынасты дамытудың жеке моделдерін жасау және педагогтарды оқыту;
- Сабақта балалармен шығармашылықпен жұмыс істеуге деген түрткі қалыптастыруға педагогтарды дайындау;
- Жеке тұлғалық және кәсіби өсу тренингтерінің көмегімен тәрбиешілердің жоғары біліктілік деңгейін қалыптастыру.

Мектепке дейінгі мекемедегі педагог – психолог қызметінің жұмыс бағыттары

Педагогикалық қызметкерлердің және ата-аналарды психологиялық ағарту.

Мақсаты – тәрбиешілерді, педагогтарды, ата-аналарды, балаларды психологиялық біліктілікке баулу.

Психологиялық сауықтыру

Мақсаты – барлық жас кезеңінде балалардың психологиялық саулығын дамыту және сақтау, нығайту. Әр жас кезеңін ескере отырып, балаларға арналғандамыту бағдарламаларын жасау және оны іске асыру, сауықтыру шараларын қолдану, балабақшадағы тәрбие беру және оқу арқылы баланың толыққанды дамуына жағдай туғызу психологтың ең жауапты жұмыс бағыты.

Психологиялық диагностика

Мақсаты – жеке тұлғаның жеке және жас ерекшелігін, тұлғааралық қарым-қатынас зерттеу.

Психологиялық түзету

Мақсаты – балалардың жеке тұлғалық дамуындағы психологиялық ауытқуларынан арылту, түрлі жағымды іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру.

Психологиялық кеңес беру

Мақсаты – оқу-тәрбие процесінде туындаған проблемаларды шешуге көмек көрсету.

Аналитикалық іс – әрекет

Мақсаты – туындаған проблемалық себептердің ғылыми – теориялық негіздерін қарастыру, педагогикалық процеске қатысушыларға кешенді ұсыныстар жасау.

Б) Ата – аналармен жұмыс жөнінде:

- Балаларды оқыту мәселесі жөнінде ата – аналарға ағарту жұмысын жүргізу;
- Баланы мектепке дайындау және оқыту жайындағы сұраныстарды шешу, ата –аналарға арнап үйде жүргізетін жеке сабақтардың бағдарламасын жасау;
- Сұраныс бойынша баланың арнайы қабілетіне, интеллектуалдық дамуына диагностика жүргізу (фонематикалық есту, сенсомоторика, кеңістікте бағытталу, математикалық бейімі, түсті айыру және т.б.)

В) Балалармен жұмыс:

- Жағымсыз әсерлерден бала психикасын қорғау, бала құқығын сақтауда толыққанды эмоционалдық қалыпты бақылауды қамтамасыз ету;
- Тәрбиешілердің сұранысы бойынша жеке және топтық дамыту сабақтарын жүргізу, қандайда бір проблеманы дербес шешу;
- Балаларға оқу дағдыларды, іскерлікті меңгертуге көмектесу, сабақта өз-өзін реттеуді және өз-өзін бағалауды дамыту;
- Оқу іс-әрекетіне диагностика жүргізу, соның негізінде балаға көмек берудің жүйесін құру;
- Мектепалды топтарын арнайы диагностикалық бағдарлама бойынша дайындау;

Г) Әкімшілікпен жұмыс:

- Диагностикалық зерттеу нәтижесімен таныстыру және оны талқылау;
- Жүргізілген диагностика және басқа жұмыс түрлері бойынша анықтама дайындау, педагогтарға ұсыныстар беру;
- Мектепке дейінгі мекеменің жылдық жұмыс жоспарын құруға қатысу;
- Педагогикалық кеңестің дайындық жұмысына қатысу, ұжымдық жұмысқа психологиялық көмек беру;